Детекция флуоресцентті ПТР-детектордың көмегімен (пайдаланылатын құралдың нұсқаулығына сәйкес) үш канал бойынша флуоресцентті сигналдың қарқындылығын өлшеу жолымен жүргізіледі:

- FAM (немесе құрал моделіне байланысты баламалы) каналы бойынша ІБҮ кДНК амплификация өнімінің жинақталуын растайтын сигнал тіркеледі.
- HEX (немесе құрал моделіне байланысты баламалы) каналы бойынша В тұмауы (*Influenza virus B*) вирусының кДНК фрагменті амплификация өнімінің жинақталуын растайтын сигнал тіркеледі.
- ROX (немесе құрал моделіне байланысты баламалы) каналы бойынша А тұмауы (*Influenza virus A*) вирусының кДНК фрагменті амплификация өнімінің жинақталуын растайтын сигнал тіркеледі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Детекция жүргізгенге дейін ПТР-детектордың бағдарламалық жасақтамасына тиісті реттеулер енгізілуі және сақталуы тиіс – ПТР-жиынтыққа қосымшаны, сондай-ақ Ресейтұтынуқадағалау Эпидемиология ОҒЗИ ФБҒМ әзірлеген биологиялық материалда гибридизациялық-флуоресцентті детекциямен полимеразалық тізбекті реакция (ПТР) әдісі арқылы А тұмауы (*Influenza virus A*) және В тұмауы (*Influenza virus B*) вирустарының РНҚ анықтауға арналған реагенттер жинағын «АмплиСенс® *Influenza virus A/B-FL*» қолдану жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды қараңыз.

Нәтижелерді интерпретациялау

Алынған нәтижелер бақылау үлгілері мен зерттелетін үлгіден бөлініп шыққан кДНҚ сынамалары үшін тиісті каналдар бойынша фонға қатысты флуоресцентті сигналдың деңгейі туралы деректер негізінде интерпретацияланады. Интерпретация пайдаланылатын құралдың бағдарламалық жасақтаманың көмегімен автоматты түрде жүргізіледі. Нәтижелерді интерпретациялау принципі төмендегідей:

- егер аталған сынама үшін ROX каналы бойынша сигнал оң нәтиженің белгіленген шектік мәнінен артық болса *Influenza virus A* РНҚ **анықталады**.
- егер аталған сынама үшін HEX каналы бойынша сигнал оң нәтиженің белгіленген шектік мәнінен артық болса *Influenza virus B* РНҚ **анықталады**.
- егер аталған сынама үшін ROX каналы бойынша сигнал теріс нәтиженің белгіленген шектік мәнінен төмен болса, ал FAM бойынша канал белгіленген шектік мәнінен артық болса *Influenza virus A* РНҚ **анықталмайды**.
- егер аталған сынама үшін HEX каналы бойынша сигнал теріс нәтиженің белгіленген шектік мәнінен төмен болса, ал FAM бойынша канал белгіленген шектік мәнінен артық болса *Influenza virus B* РНҚ **анықталмайды**.
- егер аталған сынама үшін HEX және ROX каналы бойынша сигнал теріс нәтиженің белгіленген шектік мәнінен төмен болса және FAM бойынша канал белгіленген шектік мәнінен төмен болса талдау нәтижесі **нақты емес**. Бұл жағдайда РНҚ экстракциясы кезеңінен тиісті үлгідегі ПТР-зерттеуді қайталау талап етіледі. Нәтижелерді қайталау кезінде талдау үшін материалды қайта жинауды ұсыну керек. «Б→» үлгісі үшін барлық канал бойынша теріс нәтиже қалыпты болып табылады.
- егер аталған сынама үшін HEX және ROX каналы бойынша сигнал теріс нәтиженің белгіленген шектік мәнінен жоғары, бірақ оң нәтиженің шектік мәнінен төмен болса (сигнал шектік мәндер арасында болса) талдау нәтижесі **күдікті**. Бұл жағдайда РНҚ экстракциясы кезеңінен бастап тиісті үлгідегі ПТР-зерттеуді қайталау талап етіледі. Нәтижелер қайталанғанда үлгі оң болып есептеледі.

Егер амплификацияның оң және теріс бақылаулары үшін және 2-кестеге сәйкес РНҚ экстракциясының теріс бақылауы үшін дұрыс нәтижелер алынса ПТР-зерттеудің нәтижесі дұрыс деп есептеледі.

ПТР-зерттеудің түрлі кезеңдерінің бақылауларына арналған нәтижелер

Бақылау	ПТР-зерттеудің бақыланатын кезеңі	Канал бойынша сигнал			Кейбір детекторлардың бағдарламаларындағы нәтиженің белгіленуі
		FAM	HEX	ROX	
В-	РНҚ экстракциясы	Шектік мәннен <u>жоғары</u>	Теріс нәтиженің шектік мәнінен <u>төмен</u>	Теріс нәтиженің шектік мәнінен <u>төмен</u>	«-» немесе «ОК»
Б-	ПТР	Теріс нәтиженің шектік мәнінен <u>төмен</u>	Теріс нәтиженің шектік мәнінен <u>төмен</u>	Теріс нәтиженің шектік мәнінен <u>төмен</u>	«де» немесе «ОК»
Б+	ПТР	Шектік мәннен <u>жоғары</u>	Оң нәтиженің шектік мәнінен <u>жоғары</u>	Оң нәтиженің шектік мәнінен <u>жоғары</u>	«+» немесе «ОК»

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

- Егер ПТР (Б+) оң бақылауы үшін **HEX және ROX** каналы бойынша сигнал оң нәтиженің шектік мәнінен төмен болса осы флуорофорға сай келетін тұмау вирусының РНҚ анықталмаған барлық үлгілер үшін амплификацияны және детекцияны қайталау қажет.
- Егер ПТР (Б-) теріс бақылауы үшін **HEX және ROX** каналы бойынша сигнал оң нәтиженің шектік мәнінен жоғары болса РНҚ экстракциясы кезеңінен бастап осы флуорофорға сай келетін тұмау вирусының РНҚ анықталмаған барлық үлгілер үшін амплификацияны және детекцияны қайталау қажет.

FRT нұсқасы**ПТР-зерттеу жүргізу**

ПТР-зерттеу келесі кезеңдерден тұрады:

- РНҚ зерттелетін үлгілерден экстракциялау.
- Кері транскрипция.
- «Нақты уақыт» режимінде гибридизациялық-флуоресцентті детекциямен амплификациялау.
- Нәтижелерді талдау және интерпретациялау.

Пайдаланатын жабдыққа қарамастан ПТР-зерттеу жүргізу емшарасы бойынша егжей-тегжей ақпарат Ресейтұтынуқадағалау Эпидемиология ОҒЗИ ФБҒМ әзірлеген биологиялық материалда гибридизациялық-флуоресцентті детекциямен полимеразалық тізбекті реакция (ПТР) әдісі арқылы А тұмауы (Influenza virus A) және В тұмауы (Influenza virus B) вирустарының РНҚ анықтауға арналған реагенттер жинағын «АмплиСенс® Influenza virus A/B-FL»

колдану жөніндегі әдістемелік ұсынымдарда баяндалған.

РНҚ зерттелетін үлгілерден экстракциялау және РНҚ кері транскрипциялау реакциясын жүргізу

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! РНҚ жұмыс істеу үшін арнайы RNase-free, DNase-free таңбалары бар бір реттік стерильді пластик шығын материалдарын пайдалану қажет.

РНҚ экстракциясы үшін Ресейтұтынуқадағалау Эпидемиология ОҒЗИ ФБҒМ ұсынған реагенттер жиынтығы/автоматты станциялар пайдаланылады:

- «**РИБО-сорб**» реагенттер жиынтығын пайдаланғанда жұмыс тәртібін «РНҚ сынамалардан экстракциялау» 1-қосымшадан қараңыз, А бөлімі.
- «**РИБО-преп**» реагенттер жиынтығын пайдаланғанда жұмыс тәртібін «РНҚ сынамалардан экстракциялау» 1-қосымшадан қараңыз, Б бөлімі.
- нуклеин қышқылдарын экстракциялауға арналған **NucliSENS easyMAG** (BioMerieux, Франция) автоматты станцияларын пайдаланғанда жұмыс тәртібін «РНҚ сынамалардан экстракциялау» 1-қосымшадан қараңыз, В бөлімі.

Әрбір зерттелетін үлгіден РНҚ экстракциялау ішкі бақылау үлгісі (**ІБҮ STI-rec**) болғанда жүргізіледі.

Кері транскрипциялау реакциясын жүргізу үшін Ресейтұтынуқадағалау Эпидемиология ОҒЗИ ФБҒМ ұсынған «**РЕВЕРТА-L**» реагенттер жиынтығы пайдаланылады. Аталған реагенттер жиынтығымен жұмыс істеу тәртібін 2-қосымшадан қараңыз.

Амплификацияны «нақты уақыт» режиміндегі детекциямен жүргізу

Амплификация үшін пробиркаларды таңдау «нақты уақыт» режиміндегі детекция жүйесі бар пайдаланылатын амплификаторға байланысты.

Пробиркаларға реагенттер, қДНҚ сынамаларын және бақылау үлгілерін енгізу үшін сүзгілі бір реттік ұштықтар пайдаланылады.

А. Амплификация үшін пробиркалар дайындау

А1. «ПТР-жиынтық» реагенттер жиынтығының FRT нұсқасы көмегімен амплификация жүргізу үшін пробиркалар дайындау

Реакциялық қоспаның жалпы көлемі– 25 мкл, қДНҚ сынамасының көлемін қоса – 10 мкл.

1. Зерттелетін және бақылау сынамаларының қДНҚ амплификациялау үшін *Influenza virus A/B ПТР-қоспа-1-FL* салынған пробиркалардың қажетті мөлшерін іріктеп алады. Балауыз пробирканың түбіндегі ерітіндіні толық жабатынына көз жеткізу керек.
2. Балауыздың беткейіне **7 мкл ПТР-қоспа-2-FL** енгізеді, бұл ретте ол балауыздың астында бүлінбеуі және *Influenza virus A/B ПТР-қоспамен-1-FL* араласып кетпеуі тиіс.
3. Дайындалған пробиркаларға РНҚ кері транскрипция реакциясында алынған **10 мкл қДНҚ сынамаларын** енгізеді.
 - а) Бақылау реакцияларын қойыңыз:

- б) ПТР теріс бақылау (Б–) – пробиркаға 10 мкл ТЕ-буфер енгізеді.
 - в) ПТР оң бақылау (Б+) – пробиркаға *Influenza virus A / Influenza virus B / STI* 10 мкл ОБУ қДНҚ енгізеді.
4. экстракцияны теріс бақылау (Ба–) – пробиркаға Ба– үлгісінен бөлініп шыққан 10 мкл сынаманы енгізеді.

А2. «ПТР-жиынтық» реагенттер жиынтығының FRT-100 F нұсқасы көмегімен амплификация жүргізу үшін пробиркалар дайындау
Реакциялық қоспаның жалпы көлемі – 25 мкл, қДНҚ сынамасының көлемін қоса – 10 мкл.

1. *Influenza virus A/B* ПТР-қоспасы-1-FL-F бар пробиркалардың қажетті мөлшерін қатырыңыз. *Influenza virus A/B* ПТР-қоспасы-1-FL-F, ПТР-қоспасы-2-FRT және полимеразасы (TaqF) бар пробиркалардың ішіндегісін араластырады және центрифуганын/вортекстің көмегімен қысқамерзімді центрифугалаумен (1-2 с) тамшыларды шөгінділейді.
2. Зерттелетін және бақылау сынамаларының қДНҚ амплификациясы үшін пробиркалар мен стриптердің қажетті мөлшерін іріктеп алады.
3. N реакциялар жүргізу үшін жеке пробиркада $10 \cdot (N+1)$ мкл *Influenza virus A/B* ПТР-қоспасы-1-FL-F, $5 \cdot (N+1)$ мкл ПТР-қоспасы-2-FRT және $0,5 \cdot (N+1)$ мкл полимеразаны (TaqF) араластырады. (Реакциялық қоспаларды дайындаудың есептік кестесін 3-қосымшадан қараңыз).
4. Дайындалған қоспаны вортексте араластырады және центрифуганын/вортекстің көмегімен қысқамерзімді центрифугалаумен тамшыларды шөгінділейді.
5. Әрбір пробиркаға 15 мкл дайындалған қоспаны енгізеді.
6. Дайындалған пробиркаларға РНҚ кері транскрипция реакциясында алынған 10 мкл қДНҚ сынамаларын енгізеді.
7. Бақылау реакцияларын қойыңыз:
 - а) ПТР теріс бақылау (Б–) – пробиркаға 10 мкл ТЕ-буфер енгізеді.
 - б) ПТР оң бақылау (Б+) – пробиркаға *Influenza virus A / Influenza virus B / STI* 10 мкл ОБУ қДНҚ енгізеді.
 - в) экстракцияны теріс бақылау (Ба–) – пробиркаға Ба– үлгісінен бөлініп шыққан 10 мкл сынаманы енгізеді.

Б. Амплификацияны «нақты уақыт» режиміндегі детекциямен жүргізу

1. Флуоресцентті сигналды амплификациялау мен детекциялаудың тиісті бағдарламасын орындау үшін құралды («нақты уақыт» режиміндегі детекция жүйесі бар амплификатор) бағдарламалау керек (3а және 3б кестелерін қар.).

Ротор және планшет типті құралдарға арналған *Influenza virus* А/В қДНҚ амплификациялау бағдарламасы

Цикл	Ротор типті құралдар ⁵			Планшет типті құралдар ⁶		
	Температура, °С	Уақыт	Циклдер саны	Температура, °С	Уақыт	Циклдер саны
1	95	5 мин (FRT нұсқасы үшін) немесе 15 мин (FRT-100 F нұсқасы үшін)	1	95	5 мин (FRT нұсқасы үшін) немесе 15 мин (FRT-100 F нұсқасы үшін)	1
2	95	10 с	10	95	10 с	10
	54	20 с		54	25 с	
	72	10 с		72	25 с	
3	95	10 с	35	95	10 с	35
	54	20 с флуоресц. сигналдың детекциясы		54	25 с флуоресц. сигналдың детекциясы	
		72			10 с	

Флуоресцентті сигналдың детекциясы FAM, JOE және ROX флуорофорлар үшін каналдар бойынша жүргізіледі.

Таблица 3б

SmartCycler (Cepheid, АҚШ) құралы үшін *Influenza virus* А/В қДНҚ амплификациялау бағдарламасы

Цикл	Температура, °С	Уақыт	Флуоресценцияны өлшеу	Циклдер саны
Hold/ темп-раны ұстау	95	900с (FRT-100 F нұсқасы)	–	1
Stage1/ Циклдеу 1	95	15 с	–	42
	54	25 с	флуоресц. сигналдың детекциясы	
	72	25 с	–	

Флуоресцентті сигналдың детекциясы FAM, JOE (Cy3) және ROX (Texas Red) флуорофорлар үшін каналдар бойынша жүргізіледі.

Ескертпе – Амплификаторлардың басқа модельдері үшін амплификациялау бағдарламасы Ресейтұтынуқадағалау Эпидемиология ОҒЗИ ФБҒМ әзірлеген биологиялық материалда гибридизациялық-флуоресцентті детекциямен полимеразалық тізбекті реакция (ПТР) әдісі арқылы А тұмауы (*Influenza*

⁵ мысалы, Rotor-Gene 3000/Rotor-Gene 6000 (Corbett Research, Австралия), Rotor-Gene (Qiagen, Германия) және осы реагенттер жинағын қолдану жөніндегі әдістемелік ұсынымдарда Ресейтұтынуқадағалау Эпидемиология ОҒЗИ ФБҒМ ұсынған.

⁶ мысалы, ДТ-96 («ДНҚ-Технология», Ресей), iCycler iQ, iQ5 (Bio-Rad, АҚШ) және осы реагенттер жинағын қолдану жөніндегі әдістемелік ұсынымдарда Ресейтұтынуқадағалау Эпидемиология ОҒЗИ ФБҒМ ұсынған.

virus A) және В тұмауы (Influenza virus B) вирустарының РНҚ анықтауға арналған реагенттер жинағын «АмплиСенс® *Influenza virus A/B-FL*» қолдану жөніндегі әдістемелік ұсынымдарда баяндалған.

2. Пробиркаларды құралдың реакциялық модулінің ұяшықтарына орнатыңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Амплификаторға орнату алдында центрифугада/вортексте қысқамерзімді (1-3 с) центрифугалаумен пробиркалардың жақтауларынан тамшыларды шөгінділеу қажет.

3. Флуоресцентті сигнал детекциясымен амплификация бағдарламасының орындалуын іске қосыңыз.

4. Бағдарламаның орындалуы аяқталғанда нәтижелерді талдауға және интерпретациялауға кірісіңіз.

Нәтижелерді талдау және интерпретациялау

Нәтижелерді талдау «нақты уақыт» режиміндегі детекциямен ПТР жүргізу үшін пайдаланылатын құралдың бағдарламалық жасақтамасының көмегімен жүргізіледі. Флуоресцентті сигналдың қисық жинақталуын үш канал бойынша талдайды:

- FAM флуорофорға арналған канал бойынша ІБҮ кДНҚ фрагментінің амплификация өнімінің жинақталуын растайтын сигнал тіркеледі.
- JOE флуорофорға арналған канал бойынша В тұмауы вирусы (*Influenza virus B*) кДНҚ фрагментінің амплификация өнімінің жинақталуын растайтын сигнал тіркеледі.
- ROX флуорофорға арналған канал бойынша А тұмауы вирусы (*Influenza virus A*) кДНҚ фрагментінің амплификация өнімінің жинақталуын растайтын сигнал тіркеледі.

Нәтижелер қисық флуоресценцияның тиісті деңгейде орнатылған шектік линиямен қиылысуының болуы (болмауы) негізінде интерпретацияланады, бұл кДНҚ аталған сынамасы үшін нәтижелер кестесіндегі тиісті бағандағы шектік циклдің *Ct* мәні болуын (немесе болмауын) анықтайды.

Нәтижелерді интерпретациялау принципі төмендегідей:

- егер аталған сынама үшін нәтижелер кестесінде ROX флуорофорға арналған канал бойынша реагенттер жинағына қосымшада көрсетілген шекаралық мәннен аспайтын шектік циклдің *Ct* мәні анықталған болса А тұмауы вирусының РНҚ **анықталады**. Бұл ретте аталған сынама флуоресценциясының қисығы флуоресценция өзіне тән экспоненциальді көтерілу аумағында шектік линиямен қиылысуы тиіс.
- егер аталған сынама үшін нәтижелер кестесінде JOE флуорофорға арналған канал бойынша реагенттер жинағына қосымшада көрсетілген шекаралық мәннен аспайтын шектік циклдің *Ct* мәні анықталған болса В тұмауы вирусының РНҚ **анықталады**. Бұл ретте аталған сынама флуоресценциясының қисығы флуоресценция өзіне тән экспоненциальді көтерілу аумағында шектік линиямен қиылысуы тиіс.
- егер аталған сынама үшін нәтижелер кестесінде ROX және JOE флуорофорға арналған каналдар бойынша шектік циклдің *Ct* мәні анықталмаған болса (жоқ болса), ал FAM флуорофорға арналған шектік циклдің *Ct* мәні реагенттер жинағына қосымшада көрсетілген шекаралық мәннен аспайтын болса А және В тұмауы вирустарының РНҚ **анықталмайды**.

- егер аталған сынама үшін НЕХ немесе ROX флуорофорға арналған канал бойынша шектік циклдің *Ct* мәні анықталмаған болса (жоқ болса) және FAM флуорофорға арналған канал бойынша да *Ct* мәні анықталмаған болса (жоқ болса) немесе көрсетілген шекаралық мәнінен аспайтын болса талдау нәтижесі **нақты емес**. Бұл жағдайда РНҚ экстракциясы кезеңінен бастап тиісті үлгідегі ПТР-зерттеуді қайталау талап етіледі. Нәтижелерді қайталау кезінде талдау үшін материалды қайта жинауды ұсыну керек.
- егер аталған сынама үшін ROX немесе JOE флуорофорға арналған канал бойынша шектік циклдің *Ct* мәні реагенттер жинағына қосымшада көрсетілген шекаралық мәннен асатын болса, ал FAM флуорофорға арналған шектік циклдің *Ct* мәні реагенттер жинағына қосымшада көрсетілген шекаралық мәннен аспайтын болса талдау нәтижесі **күдікті**. Бұл жағдайда РНҚ экстракциясы кезеңінен бастап тиісті үлгідегі ПТР-зерттеуді қайталау талап етіледі. Нәтижелер қайталанғанда үлгі оң болып есептеледі.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Шекаралық *Ct* мәндері реагенттер жинағына қоса ұсынылған қосымшада көрсетілген. Сондай-ақ, Ресейтұтынуқадағалау Эпидемиология ОҒЗИ ФБҒМ әзірлеген биологиялық материалда гибридизациялық-флуоресцентті детекциямен полимеразалық тізбекті реакция (ПТР) әдісі арқылы А тұмауы (Influenza virus A) және В тұмауы (Influenza virus B) вирустарының РНҚ анықтауға арналған реагенттер жинағын «АмплиСенс® *Influenza virus A/B-FL*» қолдану жөніндегі әдістемелік ұсынымдар.

Егер 4-кестеге сәйкес амплификацияның оң және теріс бақылаулары үшін дұрыс нәтижелер алынса ПТР-зерттеудің нәтижесі дұрыс деп есептеледі.

4-кесте

ПТР-зерттеудің түрлі кезеңдерінің бақылауларына арналған нәтижелер

Бақылау	ПТР-зерттеудің бақыланатын кезеңі	Шектік циклдің мәні, <i>Ct</i>		
		FAM флуорофорға арналған канал бойынша	JOE флуорофорға арналған канал бойынша	ROX флуорофорға арналған канал бойынша
Ба–	РНҚ экстракциясы	Мәні шекаралық мәннен төмен деп анықталған	Мәні жоқ	Мәні жоқ
Б–	ПТР	Мәні жоқ	Мәні жоқ	Мәні жоқ
Б+	ПТР	Мәні шекаралық мәннен төмен деп анықталған	Мәні шекаралық мәннен төмен деп анықталған	Мәні шекаралық мәннен төмен деп анықталған

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

1. Егер ПТР (Б+) оң бақылауы үшін **ROX** немесе **JOE** флуорофорға арналған канал бойынша шектік циклдің *Ct* мәні жоқ болса немесе шекаралық мәннен асатын болса осы флуорофорға сай келетін тұмау вирусының РНҚ анықталмаған барлық үлгілер үшін амплификацияны қайталау қажет.
2. Егер РНҚ (Ба–) экстракциясының теріс бақылауы үшін және/немесе ПТР (Б–) теріс бақылауы үшін ROX немесе JOE флуорофорға арналған канал бойынша шектік циклдің *Ct* мәні анықталған болса РНҚ экстракциясы

кезеңінен бастап осы флуорофорға сай келетін тұмау вирусының РНҚ анықталған барлық үлгілер үшін ПТР-зерттеуді қайталау қажет.

1-ҚОСЫМША

РНҚ сынамалардан экстракциялау

А.«РИБО-сорб» реагенттер жиынтығын пайдаланғанда

1. **Лизистейтін ерітіндіні және шаюға арналған ерітіндіні-1** (егер олар 2-ден 8 °С-ге дейінгі температурада сақталса) кристалдар толық ерігенге дейін 60-тан 65 °С-ге дейінгі температурада қаздырады.
2. Көлемі 1,5 мл бір реттік пробиркалардың қажетті мөлшерін іріктеп алады (**Ба–** қоса). Әрбір пробиркаға **450 мкл лизистейтін ерітінді және 10 мкл ІБҮ STI-rec** енгізеді. Пробиркаларды таңбалайды.
3. **Лизистейтін ерітінді және ІБҮ STI-rec** бар пробиркаларға сүзгілі ұштықтарды пайдалана отырып **100 мкл** зерттелетін сынама енгізеді. Пипеткамен тамызып араластырады. 3-тен 5 минутқа дейін бөлме температурасында инкубациялайды.
4. **Ба–** пробиркасына **100 мкл ТБҮ** енгізеді.
5. Тығыз жабылған сынамаларды вортексте мұқият араластырады және пробирка қақпағының ішкі беткейінен тамшыларды жоятын микроцентрифугада 5 мың айн/мин болғанда 5 сек ішінде центрифугалайды. Егер пробиркаларда қалқыма бөлшектер (толығымен ерімеген материал) болса микроцентрифугада 1 мин ішінде 10 мың айн/мин болғанда центрифугалайды және артық сұйықтықты басқа пробиркаларға ауыстырады.
6. **Сорбентті** вортексте мұқият ресуспензиялайды. Әрбір пробиркаға жеке ұштықпен **25 мкл** ресуспензияланған **сорбент** қосады. Вортексте араластырады, штативке 1 минутқа қояды, тағы бір рет араластырады және 5 минутқа қалдырады.
7. Сорбентті шөгінділеу үшін пробиркаларды микроцентрифугада 10 мың айн/мин болғанда 30 с ішінде центрифугалайды. Вакуумдық сорғыш және әрбір сынамаға арналған жеке ұштық пайдалану арқылы артық сұйықтықты шығарып тастайды.
8. Пробиркаларға **400 мкл шаюға арналған ерітінді-1** қосады. Вортексте сорбентті толық ресуспензиялағанға дейін араластырады, микроцентрифугада 10 мың айн/мин болғанда 30 с ішінде центрифугалайды. Вакуумдық сорғыш және әрбір сынамаға арналған жеке ұштық пайдалану арқылы артық сұйықтықты шығарып тастайды.
9. Пробиркаларға **500 мкл шаюға арналған ерітінді-3** қосады. Сорбентті вортексте мұқият ресуспензиялайды. Микроцентрифугада 10 мың айн/мин болғанда 30 с ішінде центрифугалайды. Вакуумдық сорғыш және әрбір сынамаға арналған жеке ұштық пайдалану арқылы артық сұйықтықты шығарып тастайды.
10. Шаюды 8-тармақты орындай отырып, **шаюға арналған ерітіндімен-3** қайталайды.
11. Пробиркаларға **400 мкл шаюға арналған ерітінді-4** қосады. Сорбентті вортексте мұқият ресуспензиялайды, микроцентрифугада 10 мың айн/мин

болғанда 30 с ішінде центрифугалайды. Вакуумдық сорғыш пайдаланып, әрбір пробиркадағы артық сұйықтықты жеке ұштықпен толық шығарып тастайды.

12. Сорбентті құрғату үшін пробиркаларды температурасы 60 °С термостатқа 15 минутқа салады. Бұл ретте пробирка қақпақтары ашық болуы тиіс.
13. Пробиркаларға РНҚаз-дан бос сүзгілі ұштықтарды пайдаланып **50 мкл РНҚ-буфер** қосады. Вортексте араластырады. Температурасы 60 °С термостатқа 2-3 минутқа қояды. Вортексте араластырады және пробиркаларды 1 мин ішінде микроцентрифуганың (12-13 тыс айн/мин) ең жоғарғы айналымдарында центрифугалайды.

Артық сұйықтықтың құрамында тазартылған РНҚ және ДНҚ бар. Экстракция аяқталғанда бірден кері транскрипциялау реакциясын жүргізу ұсынылады. Реакция үшін ерітінді іріктеуде **сорбентті ұстамастан** өте сақ болу керек. Егер сорбент лайланып кетсе оны центрифугада шөгінділеу қажет.

Тазартылған РНҚ 4 сағ. дейін 2-ден 8 °С-ге дейінгі температурада сақтауға болады. Препаратты ұзақ сақтау үшін РНҚ ерітіндісін сорбентті ұстамастан іріктеп алу қажет, стерильді пробиркаға ауыстырып, минус 68 °С-ден аспайтын температурада бір жыл бойы сақтайды.

Б.«РИБО-преп» реагенттер жиынтығын пайдаланғанда

1. **Лизиске арналған ерітіндіні** (егер ол 2-ден 8 °С-ге дейінгі температурада сақталса) кристалдар толық ерігенге дейін 65 °С температурада қаздырады.
2. Қақпағы тығыз жабылатын 1,5 мл бір реттік пробиркалардың қажетті мөлшерін іріктеп алады (экстракцияның теріс бақылауын қоса). Әрбір пробиркаға **10 мкл ІБҮ STI-rec** және **300 мкл лизиске арналған ерітінді** енгізеді. Пробиркаларды таңбалайды.
3. **Лизиске арналған ерітінді** және **ІБҮ STI-rec** бар пробиркаларға сүзгілі ұштықтарды пайдалана отырып **100 мкл дайындалған сынама** енгізеді. Экстракцияны теріс бақылау (Ба–) пробиркасына **100 мкл ТБҮ** енгізеді.
4. Пробиркалардың ішіндегісін вортексте мұқият араластырады, пробирка қақпағының ішкі беткейінен тамшыларды жоятын микроцентрифугада 5 мың айн/мин болғанда 5 сек ішінде центрифугалайды және термостатта **5 мин 65 °С-де** қыздырады.
5. Пробиркаларға **400 мкл преципитацияға арналған ерітінді** енгізеді, вортексте араластырады.
6. Пробиркаларды микроцентрифугада **13 мың айн/мин** болғанда **5 мин** ішінде центрифугалайды.
7. Вакуумдық сорғыш және әрбір сынамаға арналған **200 мкл** жеке ұштық пайдалану арқылы шөгіндіге тимей, артық сұйықтықты мұқият іріктеп алады.
8. Пробиркаларға **500 мкл шаюға арналған ерітінді-3** қосады, қақпақты тығыздап жабады және пробиркаларды 3-5 рет төңкеріп шөгіндіні абайлап шаяды. Емшараны барлық пробиркалар үшін бір уақытта жүргізуге болады, бұл үшін пробиркаларды штативті үстінен қақпақпен немесе басқа штативпен жабу қажет, оларды қысады және штативті төңкереді.
9. Микроцентрифугада **13 мың айн/мин** болғанда **1-2 мин** ішінде центрифугалайды.

10. Абайлап, вакуумдық сорғыш және әрбір сынамаға арналған **10 мкл** жеке ұштық пайдалану арқылы шөгіндіні ұстамастан, артық сұйықтықты іріктеп алады.
11. Пробиркаларға **200 мкл шаюға арналған ерітінді-4** қосады, қақпақты тығыздап жабады және пробиркаларды 3-5 рет төңкеріп шөгіндіні абайлап шаяды.
12. Микроцентрифугада **13 мың айн/мин** болғанда **1-2 мин** ішінде центрифугалайды.
13. Абайлап, вакуумдық сорғыш және әрбір сынамаға арналған **10 мкл** жеке ұштық пайдалану арқылы шөгіндіні ұстамастан, артық сұйықтықты іріктеп алады.
14. Шөгіндіні құрғату үшін пробиркаларды температурасы **65 °C** термостатқа **5 мин** салады (бұл ретте пробирка қақпақтары ашық болуы тиіс).
15. Пробиркаларға **50 мкл РНҚ-буфер** қосады. Вортесте араластырады. Вортесте мезгіл-мезгіл сілжумен, температурасы **65 °C** термостатқа **5 мин** салады.
16. Пробиркаларды микроцентрифугада **13 мың айн/мин** болғанда **1 мин** ішінде центрифугалайды.
17. Артық сұйықтықтың құрамында тазартылған РНҚ бар. Экстракция аяқталғанда бірден кері транскрипциялау реакциясын жүргізу ұсынылады. Тазартылған РНҚ 4 сағ. дейін 2-ден 8 °C-ге дейінгі температурада, бір ай ішінде – минус 16 °C-ден аспайтын температурада, одан ұзақ –минус 68 °C-де аспайтын температурада сақтауға болады.

В. NucliSENS easyMAG автоматты станциясын пайдаланғанда

1-нұсқа. РНҚ үлгі лизисімен құралдан тыс экстракциялау

Бұл экстракциялау әдісі NucliSens лизисіне арналған буфердің шығынын азайтады және құрамында ұйынды (қақырық, аспираттар) бар клиникалық материалдың үлгілерімен жұмыс істегенде дұрысырақ.

Жұмыс істеу тәртібі

1. NucliSENS easyMAG құралын іске қосады және құралдың нұсқаулығын орындай отырып оны РНҚ экстракциясына дайындайды.
2. Зерттелетін үлгілерді енгізуге арналған терезеде әрбір үлгі үшін келесі параметрлерді енгізеді: үлгінің атауы РНҚ экстракциясына арналған материал (*Matrix*) – *Other* орнатады, үлгі көлемі (*Volume*) – *0,1 ml*, элюция көлемі (*Eluate*) – *25 mkl*, үлгі типі (*Type*) – *Lysed*, үлгілердегі РНҚ экстракциясының кезектілігі (*Priority*) – *Normal*.
3. РНҚ экстракциясының жаңа хаттамасын әзірлейді және оны сақтап қояды. Хаттамада лизис және үлгілердің инкубациясы құралдан тыс жүретінін көрсетеді: *On-board Lysis Buffer Dispensing – No, On-board Lysis Incubation – No*.
4. Үлгілер кестесін әзірленген хаттамаға ауыстырады.
5. NucliSENS easyMAG құралында РНҚ экстракциясына арналған мамандандырылған бір реттік пробиркалардың қажетті мөлшерін іріктеп алады (экстракцияның теріс бақылауын қоса). Әрбір пробиркаға ішкі жақтауларына **10 мкл ІБҮ STI-rec** енгізеді. Пробиркаларға **550 мкл NucliSens лизисіне арналған буфер** қосады.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! Құрамында ұйынды бар материалмен жұмыс істегенде лизисті көлемі 1,5 мл пробиркаларда жүргізу ұсынылады. Инкубация аяқталғаннан кейін **(8-т. қар.)** пробиркаларға 10 мың айн/мин болғанда микроцентрифугада 1 мин ішінде центрфугалау жүргізу керек және артық сұйықтықты NucliSENS easyMAG құралында РНҚ экстракциясына арналған арнайы пробиркаларға ауыстырады.

6. **Лизиске арналған буфері** және **ІБҮ STI-rec** бар пробиркаларға сүзгілі ұштықтарды пайдалану арқылы **100 мкл** дайындалған сынаманы енгізеді және пипеткамен тамызыпмен мұқият араластырады. Пробиркаға шырыш ұйындысы және ірі бөлшектер түсіп кетуіне жол бермеңіз.
7. Экстракцияның теріс бақылауына арналған пробиркаға **(Ба–)** в **100 мкл ТБҮ** енгізеді.
8. 10 мин ішінде бөлме температурасында инкубациялайды.
9. Вортексте көбірек араластырып пробирканы **NucliSens магниттік силикасымен** ресуспензиялайды. Әрбір пробиркаға жеке сүзгілі ұштықпен **25 мкл магниттік силика** енгізеді және пипеткамен тамызып мұқият араластырады. Магниттік силика пробирканың бүкіл көлемімен тең бөлінуі тиіс.
10. Үлгілер бар пробиркаларды құралға салады, ұштықтарды орнатады, РНҚ үлгілер лизисімен құралдан тыс экстракциялау бағдарламасын іске қосады **(Off board)**.
11. РНҚ экстракциясы аяқталғаннан кейін пробирканы құралдан алып тастайды. Артық сұйықтықтың құрамында тазартылған РНҚ бар. Экстракция аяқталғаннан кейін бірден кері транскрипциялау реакциясын жүргізу ұсынылады.

Қажет болса тазартылған РНҚ сақтауды экстракциядан кейін 30 минуттан кешіктірмей стерильді пробиркаларға ауыстыру керек. Тазартылған РНҚ 2-ден 8 °С-ге дейінгі температурада 4 сағ дейін, бір ай ішінде – минус 16 °С-ден аспайтын температурада, одан ұзақ – минус 68 °С-де аспайтын температурада сақтауға болады.

2-нұсқа. РНҚ үлгі лизисімен құралда экстракциялау

Жұмыс істеу тәртібі

1. NucliSENS easyMAG құралын іске қосады және құралдың нұсқаулығын орындай отырып оны РНҚ экстракциясына дайындайды.
2. Зерттелетін үлгілерді енгізуге арналған терезеде әрбір үлгі үшін келесі параметрлерді енгізеді: үлгінің атауы, РНҚ экстракциясына арналған материал (**Matrix**) – **Other** орнатады, үлгі көлемі (**Volume**) – **0,1 ml**, элюция көлемі (**Eluate**) – **25 mkl**, үлгі типі (**Type**) – **Primary**, үлгілердегі РНҚ экстракциясының кезектілігі (**Priority**) – **Normal**.
3. РНҚ экстракциясының жаңа хаттамасын әзірлейді және оны сақтап қояды. Хаттамада лизис және үлгілердің инкубациясы құралдан тыс жүретінін көрсетеді: **On-board Lysis Buffer Dispensing – Yes, On-board Lysis Incubation – Yes**.
4. Үлгілер кестесін әзірленген хаттамаға ауыстырады.
5. NucliSENS easyMAG құралында РНҚ экстракциясына арналған бір реттік пробиркалардың қажетті мөлшерін іріктеп алады **(Ба–** қоса). Әрбір

- пробиркаға ішкі жақтауларына **10 мкл ІБҮ STI-rec** енгізеді.
6. **ІБҮ** бар пробиркаларға сүзгілі ұштықтарды пайдалану арқылы **100 мкл дайындалған сынама**ны енгізеді. (Пробиркаға шырыш ұйындысы және ірі бөлшектер түсіп кетуіне жол берменіз).
 7. Экстракцияның теріс бақылауына арналған пробиркаға (**Ба–**) в **100 мкл ТБҮ** енгізеді.
 8. Үлгілер бар пробиркаларды құралға салады, ұштықтарды орнатады, РНҚ үлгілер лизисімен құралда экстракциялау бағдарламасын іске қосады (**On board**).
 9. NucliSENS easyMAG автоматты станциясы **Instrument State – Idle** күйінде жұмыс істеуін тоқтатпағанша күтіңіз.
 10. Вортексте көбірек араластырып пробирканы **NucliSens магниттік силикасымен** ресуспензиялайды. Құралдың қақпағын ашады, әрбір пробиркаға жеке сүзгілі ұштықпен **25 мкл магниттік силика** енгізеді және пипеткамен тамызып мұқият араластырады. Магниттік силика пробирканың бүкіл көлемімен тең бөлінуі тиіс.
 11. Құралдың қақпағын жабады және РНҚ экстракциялау бағдарламасын жалғастырады.
 12. РНҚ экстракциясы аяқталғаннан кейін пробирканы құралдан алып тастайды. Артық сұйықтықтың құрамында тазартылған РНҚ бар. Экстракция аяқталғаннан кейін бірден кері транскрипциялау реакциясын жүргізу ұсынылады.

Қажет болса тазартылған РНҚ сақтауды экстракциядан кейін 30 минуттан кешіктірмей стерильді пробиркаларға ауыстыру керек. Тазартылған РНҚ 2-ден 8 °С-ге дейінгі температурада 4 сағ дейін, бір ай ішінде – минус 16 °С-ден аспайтын температурада, одан ұзақ – минус 68 °С-де аспайтын температурада сақтауға болады.

2-ҚОСЫМША

«РЕВЕРТА-L» реагенттер жиынтығын пайдаланғанда кері транскрипциялау реакциясын жүргізу

Реакцияның жалпы көлемі – 20 мкл, РНҚ сынамасының көлемі – 10 мкл.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ! РНҚ жұмыс істеу кезінде арнайы RNase-free, DNase-free таңбалары бар бір реттік стерильді пластик шығын материалдарын пайдалану қажет.

Жұмыс істеу тәртібі

1. Көлемі 0,2 (0,5) мл пробиркалардың қажетті мөлшерін іріктеп алады.
2. Реакциялық қоспаны 12 реакцияға дайындайды. Бұл үшін **RT-mix** бар пробиркаға **5 мкл RT-G-mix-1** енгізеді және вортексте мұқият араластырады, пробирка қақпағынан тамшыны шөгінділеді.
3. Алынған ерітіндіге **6 мкл ревертаза (MMIv)** қосады, 5 рет пипеткамен тамызады, вортексте араластырады. Қысқа мерзімді центрифугалаумен пробирка қақпағынан тамшыны шөгінділеді.
4. Пробиркаларға **10 мкл** дайын реакциялық қоспаны енгізеді.
5. Кедергісі бар ұштықты пайдаланып реакциялық қоспа тұрған пробиркаға **10 мкл РНҚ сынамасын** қосады. Пипеткамен тамызып мұқият араластырады.
6. Пробиркаларды амплификаторға (термостат) 37 °С температурада 30 минутқа қояды.
7. Келесі қойылым үшін кДНК кері транскрипциялау реакциясында алынған ПТР ДНҚ-буфермен (**20 мкл кДНК-ға** сүзгілі жеке ұштықпен **20 мкл ДНҚ-буфер** қосады, вортексте араластырады және пробирка қақпағының ішкі беткейінен тамшыларды шығару үшін вортексте 5 сек ішінде центрифугалайды) 2 рет сұйылтады.

кДНК дайын препаратын минус 16 °С-ден аспайтын температурада 1 апта ішінде немесе минус 68 °С-ден аспайтын температурада бір жыл ішінде сақтауға болады.

3-ҚОСЫМША

**«ПТР-жиынтығы» реагенттер жиынтығы FRT-100 F нұсқасы үшін
амплификация жүргізуге арналған реакциялық қоспаларды
дайындаудың есептік кестесі**

	Көрсетілген реакциялардың санына қатысты реактивтер көлемі		
Бір реакцияға қатысты реагент көлемі, мкл	10,0	5,0	0,5
Реакциялар саны ⁷	ПТР-қоспа-1-FL-F <i>Influenza virus A/B</i>	ПТР-қоспа-2- FRT	Полимераза (TaqF)
6	60	30	3,0
8	80	40	4,0
10	100	50	5,0
12	120	60	6,0
14	140	70	7,0
16	160	80	8,0
18	180	90	9,0
20	200	100	10,0
22	220	110	11,0
24	240	120	12,0
26	260	130	13,0
28	280	140	14,0
30	300	150	15,0
32	320	160	16,0

⁷ Бір үлгі артығымен (N+3+1), РНҚ экстракциясы кезеңінің бақылауын (N), ПТР кезеңінің бақылауын қоса, зерттелетін үлгілер саны

Қысқартулар тізімі

Осы нұсқаулықта келесі қысқартулар мен белгілер қолданылады:

БАЛ	- Бронхоальвеолярлық лаваж
ІБҮ STI-rec	- Гибридизациялық-флуоресцентті детекциямен жинақтарға арналған ішкі бақылау үлгісі
Ба–	- Экстракцияның теріс бақылауы
Ба+	- Экстракцияның оң бақылауы
Б+	- ПТР оң бақылауы
Б–	- ПТР теріс бақылауы
кДНҚ	- РНҚ матрицасында кері транскрипциялау реакциясында алынатын комплементарлы ДНҚ
ТБҮ	- Теріс бақылау үлгісі
КТ	- Кері транскрипция
ОБҮ	- Оң бақылау үлгісі
ПТР	- Полимеразалық тізбекті реакция
Ресейтұтынуқадағ алау Эпидемиология ОҒЗИ ФБҒМ	- Тұтынушылардың құқықтары мен адам амандығын қорғау саласындағы Федералдық қадағалау қызметінің «Орталық ғылыми-зерттеу эпидемиология институты» Федералды бюджеттік ғылым мекемесі
FER	- «Соңғы нүкте» бойынша флуоресцентті детекция
FRT	- «Нақты уақыт» режиміндегі флуоресцентті детекция

Сақтау шарттары

«РИБО-сорб», «РИБО-преп» және «ПТР-жиынтық» реагенттер жиынтығын 2-ден 8 °С-ге дейінгі температурада сақтау керек.

ПТР-қоспа-1-FL-F Influenza virus A/B, ПТР-қоспа -2-FRT және полимераза (TaqF) («ПТР-жиынтық» реагенттер жиынтығынан FRT-100 F нұсқасы) минус 16 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

ПТР-қоспа -1-FL Influenza virus A/B және ПТР-қоспа -1-FL-F Influenza virus A/B жарықтан қорғалған жерде сақтау керек.

«РЕВЕРТА-L» реагенттер жиынтығын минус 16 °С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Тасымалдау

Реагенттер жинағын 5 тәуліктен асырмай 2-ден 8 °С-ге дейінгі температурада тасымалдайды. Алған кезде бірден көрсетілген сақтау температураларына сәйкес жиынтықтайды.

Босатылу шарттары

Емдік-профилактикалық және санитариялық-профилактикалық мекемелер үшін.

Сақтау мерзімі

FEP нұсқасының барлық жиынтықталым формалары үшін – 9 ай. 1, 3, 4 (FRT нұсқасы), 5, 6 (FRT-100 F нұсқасы) жиынтықталым формалары үшін – 9 ай.

2 (FRT-100 F нұсқасы) жиынтықталым формалары үшін – 12 ай.

Жарамдылық мерзімі өткен реагенттер жинағын қолдануға болмайды. Ашылған реагенттердің жарамдылық мерзімі, егер нұсқаулықта өзгеше көрсетілмесе, ашылмаған реагенттер үшін заттаңбаларда көрсетілген жарамдылық мерзіміне сай келеді.

Баспалы өнімде пайдаланылатын символдар

	Каталогтағы нөмірі		Абайлаңыз! Ілеспе құжаттамаға қараңыз
	Партия коды		Тесттердің ең жоғарғы саны
	in vitro диагностикаға арналған бұйым		... дейін пайдалану керек
	Өзгерген күні		Пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа қараңыз
	Температура шектеуі		Күн сәулесінің түсуіне жол бермеңіз
	Өндіруші		Дайындалған күні

Осыған сәйкес медициналық мақсаттағы бұйым өндірілген нормативтік құжат

Биологиялық материалда гибридизациялық-флуоресцентті детекциямен полимеразалық тізбекті реакция (ПТР) әдісі арқылы А тұмауы (Influenza virus A) және В тұмауы (Influenza virus B) вирустарының РНҚ анықтауға арналған реагенттер жинағы «АмплиСенс® Influenza virus A/B-FL»

Техникалық шарттар ТШ 9398-080-01897593-2012.

Өндіруші

Ресейтұтынуқадағалау Эпидемиология ОҒЗИ ФБҒМ (111123, Мәскеу қ-сы, Новогиреевская к-сі, 3а үй, тел. (495) 974-96-42, факс (495) 305-54-23 e-mail: obtk@pcr.ru)

Реагенттер жинағының сапасын қатысты рекламацияларды

Ресейтұтынуқадағалау Эпидемиология ОҒЗИ ФБҒМ дайындаушы кәсіпорнына жолдаңыз (111123

Мәскеу қ-сы, Новогиреевская к-сі, 3а) үй, рекламациялармен жұмыс және оқуды ұйымдастыру бөлімі (тел. (495) 974-96-46, факс (495) 916-18-18, e-mail: products@pcg.ru).

«АмплиСенс» өнімдері туралы пікірлерді және ұсыныстарды www.amplisens.ru сайтында тұтынушы анкетасын толтыра отырып қалдыруға болады.

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан медициналық мақсаттағы бұйымның сапасы жөніндегі шағымдарды қабылдайтын тараптың мекенжайы

«КБ Диагностик» ЖШС Алматы обл., Іле ауд., Боралдай кенті, (Аэропорт), тел./факс 8 (727) 331-31-47, 331-31-42

E-mail info@kb-diagnostic.kz